



CENTER FOR  
ANALYTICAL  
RESEARCH &  
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ  
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның  
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-  
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ  
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И  
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific  
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF  
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL  
SECURITY»**

**АСТАНА 2023**

**УДК 657(069)**  
**ББК 65.052.21**  
**С 23**

**С** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

**ISBN 978-601-337-851-0**

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

**ISBN 978-601-337-851-0**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023

1. Ұйым нарықтағы алтын бағасын ескере отырып, оны өндірумен ғана емес, өңдеуге де көңіл бөлуі керек. Алтын ұйымдарын шығарып, өз пайдасын көбейтуге мүмкіндігі бар.

2. Қоғамның негізгі қызметінің қаржылық көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде салалық ерекшеліктерін есепке алу керек.

3. ҚР Үкіметінің шешімімен 2023 жылдан бастап, бағалы металлдары өндіретін ұйымдарға ҚҚС - тан босату туралы шешім қабылданды. Сол үшін ұйым шет елдерге экспорт жасау бойынша батыл шешімдер қабылдауы керек.

## Әдебиеттер тізімі

1. «Алтыналмас» АҚ ресми сайты АҚ: <https://www.altynalmas.kz>
2. Нормативтік құқықтық акт:  
[https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36680604](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36680604)
3. «Алтыналмас» АҚ-ның 2019 жылғы қаржылық есептілігі:  
[almsf6\\_2019\\_cons\\_2-4.pdf](#)
4. «Алтыналмас» АҚ-ның 2020 жылғы қаржылық есептілігі:  
[almsf6\\_2020\\_cons\\_rus.pdf](#)
5. «Алтыналмас» АҚ-ның 2021 жылғы қаржылық есептілігі: <https://e-auction.gosreestr.kz>

### «ЭЙР АСТАНА» АҚ-НЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ АУДИТІ

Қыдырбаева Малика Сейлбекқызы

Есеп және аудит - 41 тобының 4 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [vip.malika02@mail.ru](mailto:vip.malika02@mail.ru)

Ғылыми жетекші: Бекболсынова А.С.

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға оқытушысы

**Аннотация.** Бұл жұмыста «Эйр Астана» Акционерлік Қоғамының қаржылық жағдайының аудиті қарастырылған. Ұйымның экономикалық және қаржылық жағдайының кешенді тексеру, қаржы есептілігіндегі ақпараттың дұрыстығын тексеріп, сондай-ақ оның даму перспективаларын талдау және бағалау қарастырылған. Компанияның қаржылық жағдайының аудиті тұрғысынан мәселелерді айқындай отырып, кемшіліктерді байқауға, жұмысты үйлестіруге және жағымсыз салдардың қаупін төмендетуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** аудит, коэффициенттер, қаржылық есептілік, қаржылық тұрақтылық, анализ, ауытқу.

**Annotation.** In this project, the audit of the financial condition of the joint-stock company «Air Astana» is considered. It provides for a comprehensive audit of the

economic and financial condition of the organization, verification of the reliability of information in the financial statements, as well as analysis and assessment of its development prospects. Identifying problems from the point of view of the audit of the financial condition of the company, allows you to identify shortcomings, coordinate work and reduce the risk of negative consequences.

**Key words:** audit, coefficients, financial statements, financial stability, analysis, deviation.

**Аннотация.** В данной работе рассмотрен аудит финансового состояния акционерного общества «Эйр Астана». Предусмотрена комплексная проверка экономического и финансового состояния организации, проверка достоверности информации в финансовой отчетности, а также анализ и оценка перспектив развития. Выявляя проблемы с точки зрения аудита финансового состояния компании, позволяет выявлять недостатки, координировать работу и снижать риск негативных последствий.

**Ключевые слова:** аудит, коэффициенты, финансовая отчетность, финансовая стабильность, анализ, отклонение.

Ұйымның қысқаша сипаттамасы. Air Astana - Қазақстанның Алматы қаласында орналасқан әуекомпания. Бұл Алматы халықаралық әуежайы мен Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайынан 64 бағыт бойынша ішкі және халықаралық тұрақты рейстерді орындайтын Қазақстандағы ең ірі әуе компаниясы. Компания 2001 жылдың қазан айында құрылған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры (51%) мен британдық BAE Systems PLC (49%) компаниясының бірлескен кәсіпорны болып табылады. 2002 жылы 15 мамырда Алматы – Астана бағытында алғашқы рейсін орындады.[1]

Air Astana 145 директивасының талаптары бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді орындауға Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігімен (EASA) сертификатталған. 2021 жылдың мамыр айында авиакомпания халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IOSA - IATA operational Safety Audit) операциялық қауіпсіздік бойынша сегізінші аудитінен сәтті өтті. 2019 жылдың наурыз айында Air Astana Еуропалық одаққа кірмейтін елдердің (Third Country Operators (TCO) certification audit) авиакомпаниялары үшін Еуропалық ұшу қауіпсіздігі агенттігінің (EASA) сертификаттық аудитінен ескертусіз өтті. Air Astana сонымен қатар EASA part 147 талаптарына сәйкес инженерлік-техникалық персоналды оқытуды жүргізуге арналған Еуропалық ұшу қауіпсіздігі агенттігімен (EASA) сертификатталған.[2]

2018 жылдың қараша айында «Air Astana» FlyArystan бюджеттік әуекомпаниясын ашу жоспарын жариялады. Жеке басқару құрамымен FlyArystan әуекомпаниясы өз қызметін 2019 жылдың 1 мамырында 180 орындық конфигурациясы бар бірнеше Airbus 320 әуекемесімен және «Air Astana» негізгі әуекомпанияның пайдаланушы сертификатын (AOC) қолдана отырып лоукосттың классикалық моделі бойынша жұмыс жасады, 2020 жылғы қаңтар айындағы жағдай бойынша FlyArystan 10 A320 ұшағын пайдалануда, тағы 7

ұшақ 2023 жылға дейін тапсырыста тұр. FlyArystan жолаушылар ағымының жоғары өсуі (2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 553%) 2021 жылы Қазақстанның әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан отандық авиация нарығына айналуына ықпал етті.[3]

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы- кәсіпорынның активтері мен капиталының жеке құрылымдық элементтерінің теңгерім деңгейі, сонымен қатар оларды пайдалану тиімділігінің деңгейі. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын оңтайландыру оның болашақта табысты дамуының негізгі шарттарының бірі болып табылады. Сонымен бірге кәсіпорынның дағдарысқа қаржылық жағдайы оның банкроттыққа ұшырау қаупін тудырады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайының деңгейі бірқатар элементтермен сипатталады, олардың негізгілері:

1. Төлем қабілеттілігінің деңгейі,
2. Қаржылық тұрақтылық деңгейі,
3. Активтердің айналым жылдамдығы,
4. Капитал айналымының деңгейі,
5. Экономикалық қызметтің табыстылық деңгейі,
6. Қаржылық икемділік деңгейі, жатады. [4]

Пайдаланылған әдебиеттер бойынша, Эйр Астана АҚ-ның 1-кестеде төлем қабілеттілігін анықтап, шыққан коэффициенттерді талқыланған.

1-кесте. «Эйр Астана» АҚ-ның төлем қабілеттілігінің деңгей коэффициенттері (мың теңге)

№	Көрсеткіштер	Жылдар			Өзгерісі	
		2019 жыл	2020жыл	2021жыл	2019/2020	2020/2021
1.	Абсолютті төлем қабілеттіліктік коэффициенті	95,49	144,40	495,9	48,91	351,45
2.	Төлем қабілеттілігінің аралық коэффициенті	18,79	45,39	31,60	26,60	-13,79
3.	Ағымдағы төлем қабілеттілігінің коэффициенті	24,7	3,4	2,6	-21,33	-0,82
4.	Дебиторлық және кредиторлық берешектердің жалпы арақатынасы	0,36	0,26	0,22	-0,10	-0,04
Ескерту- кесте авторлар негізінде құрылған [5], [6], [7]						

1-кестенің талдауы көріп тұрғандай, төлем қабілеттілік коэффициенттері өте жоғары деңгейде. Ағымдағы төлем қабілеттілігі, абсолютті төлем қабілеттілігі, аралық коэффициенттері барлығы норма деңгейінен жоғары болып тұр. Бұл ұйымның төлем қабілеттілігі жоғары дәрежеде тұрғанын көрсетеді.

Бірақ дебиторлық берешек пен кредиторлық берешек арақатынасы төмен болып тұр. Жыл басында 0,36 яғни, ұйым дебиторлық берешек есебінен кредиторлық берешектің тек қана 36% жаба алады. Бұл Эйр Астана АҚ үшін төмен көрсеткіш.

2-кесте. «Эйр Астана» АҚ-ның қаржылық тұрақтылық деңгейінің коэффициенттері (мың теңге)

№	Көрсеткіштер	Жылдар			Өзгерісі	
		2019 жыл	2020жыл	2021жыл	2019/2020	2020/2021
1.	Автономия коэффициенті	0,132	0,026	0,056	-0,106	0,031
2.	Қаржыландыру коэффициенті	0,080	4,132	0,927	4,052	-3,205
3.	Ұзақ мерзімді қаржылық тәуелсіздік коэффициенті	0,14	0,08	0,06	-0,06	-0,02
4.	Меншікті капиталдың маневрлік коэффициенті	0,79	0,69	1,03	-0,10	0,35
5.	Меншікті және ұзақ мерзімді қарыз капиталының икемділік коэффициенті	0,22	1,15	0,54	0,93	-0,61
Ескерту- кесте авторлар негізінде құрылған [5], [6], [7]						

2- кестеде ұйымның қаржылық тұрақтылық коэффициенттері анықталғын болатын. Ұйымның тәуелсіздік немесе автономия коэффициенті, 2019-2021 жылдары аралығында өте төмен деңгейде. Ал тәуелділік деңгейі керісінше жоғары, бұл ұйым сыртқы қарыз көздеріне тәуелді екенін және ұйым өзінің қарыз міндеттемелерін өтеуге келмейтінін білдіреді.

Қаржыландыру коэффициенттерінде 2019 бен 2021 төмен болса, 2020 жылы 4,1 коэффициент құрап, жағдайы жақсарғанын көруге болады.

Меншікті капиталдың маневрлік коэффициенті жыл басында 0,79 коэффициентті, жыл соңында 0,69 коэффициенті құраған. Бұл ұйымның капиталының айналым деңгейі жоғары екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, көрсеткіштерді қорыта келсек, Эйр Астананың қаржылық тұрақтылық деңгейі бір қалыпты емес, тұрақсыз деп айтуға болады.

Бұл 2019 жылы әлем деңгейінде болған, карантин уақытының кесірі деуге болады.

3-кесте. «Эйр Астана» АҚ-ның Автивтердің айналым жылдамдық көрсеткіштері (мың теңге)

№	Көрсеткіштер	Жылдар			Өзгерісі	
		2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2019/2020	2020/2021
1.	Қарастырылып отырған кезеңдегі барлық пайдаланылатын	0,06	0,07	0,10	0,01	0,03

	активтердің айналымдар саны					
2.	Кәсіпорынның ағымдағы активтері айналымдарының саны	0,55	4,01	1,77	3,45	-2,23
3.	Айналым активтерінің айналым кезеңі	24,3	18,25	14,6	-6,08	-3,65
4.	Жылдар бойынша ұзақ мерзімді активтердің айналым кезеңі	0,03	0,02	0,05	-0,01	0,03
Ескерту- кесте авторлар негізінде құрылған [5], [6], [7]						

3- кестеде активтердің айналымы талқыланды. Бұл жерде барлық пайдаланған активтердің айналым саны 2019 жылы 0,06 , 2020 жылы 0,07 , 2021 жылы 0,10 яғни, ұйымның активтері 2019 жылы 6-шы айналымнан жаңарып отырса, 2020 жылы 7-ші айналымнан, ал 2021 жылы 10-шы айналым сайын жаңарып отырғанды білдіреді.

Кәсіпорынның ағымдағы активтерінің айналым саны 2019 жылы 55 айналым жасаса, 2021 жылы 177 айналым жасағанын көріп отырмыз. Бұл ұйымның активтерінің жаңару қарқыны, өтімділігі жоғары екенін көрсетеді.

Жылдар бойынша ұзақ мерзімді активтердің айналым кезеңі керісінше төмендеген, яғни 2019 жылы 3 айналым сайын ғана жаңарып отырса, 2020 жылы 2 , 2021 жылы 5 айналым болған.

#### 4-кесте. «Эйр Астана» АҚ-ның Капитал айналымының деңгейі (мың теңге)

№	Көрсеткіштер	Жылдар			Өзгерістер	
		2019	2020	2021	2019/2020	2020/2021
1.	Пайдаланылатын капиталдың айналымдар саны	0,22	1,37	0,91	1,15	-0,46
2.	Меншікті капитал айналымдарының саны	0,44	2,75	1,83	2,31	-0,92
3.	Қарыз капиталы айналымдарының саны	223,40	316,84	499,69	93,44	182,85
4.	Қаржылық (банктік) кредит айналымдарының саны		18,17	10,34		-7,83
5.	Тауарлық (коммерциялық) кредит айналымдарының саны		23,61	24,81		1,20
6.	кәсіпорынның барлық пайдаланылған капиталының айналым кезеңі	4,57	0,73	1,09	-3,84	0,37

4- кестеде ұйымның капитал айналымын талқылайық. Ұйымның пайдаланатын капитал саны 2019 жылы 22 айналым сайын жаңарып отырса, 2020 жылы 137, 2021 жылы 91 айналым сайын жаңартып отырды. Меншікті капитал айналым саны 2019 жылы 0,44 , 2020 жылы 2,75 , 2021 жылы 1,83 коэффициентті құраған, бұл бізде меншікті капитал айналымдарының саны артқанын көрсетеді. Ұйымның меншікті капиталының артуы бізде бөлінбеген пайданың өсуіне тікелей байланысты болып тұр.

Қарыз капиталының айналымының саны өте жоғары деңгейде, яғни ұйым 2019 жылы 223,4 коэффициент, 2020 жылы 316,8 коэффициент, 499,7 коэффициент көрестіп тұр. Яғни ұйым бізде толықтай сыртқы банктік қарыздардан тәуелді екенін білдіреді, оған бізде қаржылық кредит айналымының саны да куә болып отыр. 2020 жылы 18,2 , 2021 жылы 10,34 коэффициентке тең болып тұр.

Кәсіпорынның барлық пайдаланылған капиталының айналым кезеңі кесте бойынша төмендеген, төмендеу динамикасы қалыптасқан 2019 жылы 4,57 , 2020 жылы 0,73 , 2021 жылы 1,09 коэффициентті құрап тұр. Жалпы алғанда Эйр Астана АҚ-ның капитал айналымының деңгейі артқан, бұған бізде бөлінбеген пайданың тікелей өсімі әсер етіп отыр. Яғни карантиндік шаралар алынып, әуе жолаушылар тасымалдар артуына байланысты, бізде қызмет көрсету саны да артып, түсім көбейгені әсер етіп, пайдаланылған капитал деңгейі артты.

Қорытындылай келе, ұйымның қаржылық жағдайында талдау жүргізу кезінде оның ауытқулары, кемшіліктері, негізгі көрсеткіштері бағаланды. Авиакомпания қызметінің қорытындысы бойынша теріс көрсеткіштерде негізгі рөлді сыртқы форс-мажор (пандемия) факторы атқарды. Компанияның негізгі қызметі авиатасымалдау болғандықтан, жұмысты тоқтата тұру қаржылық нәтижелер бойынша кейбір көрсеткіштерге теріс әсер етті. Автордың пікірінше, карантиндік шаралардан және авиакомпанияның қызметі қайта басталғаннан кейін зерттелетін ұйымның көрсеткіштері оңтайлы нормаларға оралды, және болашақ жылдарға жақсартулар көзделеді.

Оның нәтижесінде ұйымның қаржылық көрсеткіштерін, төлем қабілеттілігінің деңгейі, қаржылық тұрақтылық деңгейінің жақсартуға келесі ұсынымдар беріледі:

1. Ақша резервтерін көбейту. Бұл ұсыным ақшалай резервтердің тиісті саны қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді төтенше жағдайлардан аман қалуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қиын кезеңдерде бизнесті басқаруға оңтайлы мүмкіндік береді, операциялық қызметке аз әсерін тигізеді.
2. Компанияның пайдасын арттыру үшін компанияға, жоғары сұранысқа ие алыс шет елдерге тікелей рейстер ашу керек.
3. Қоршаған ортаға зияны жоқ таза экологиялық ұшақтар мен құралдарды пайдалануға қосу керек. Бүгінгі таңда, жаңа стандарттарға сәйкес заманауи экологиялық таза ұшақтарға арналған арнайы техника шығарылады. Бұл ұсыныс қоршаған ортаны сақтауға, қорғауға және



компанияның әлемдік нарықтағы қызмет деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғаламтор дереккөздері: [https://kk.wikipedia.org/wiki/Air\\_Astana](https://kk.wikipedia.org/wiki/Air_Astana)
2. «Эйр Астана» АҚ-ның ресми сайты :<https://airastana.com/kaz/ru-ru/O-nas/Obzor/Istoriia>
3. Ғаламтор дереккөздері: [https://kk.wikipedia.org/wiki/Air\\_Astana#FlyArystan](https://kk.wikipedia.org/wiki/Air_Astana#FlyArystan)
4. Ғаламтор дереккөздері: <https://discovered.com.ua/glossary/finansovoe-sostoyanie-predpriyatiya/>
5. «Эйр Астана» АҚ-ның 2021 шоғырландырылған қаржылық есептілігі [https://airastana.com/Portals/2/About-Us/Corporate-Governance/Financial-Statements/2021/Financial%20Statement%202021/%D2%9A%D0%B0%D1%80%D0%B6%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%D1%82%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BA\\_2021%D0%B6.pdf?ver=2022-06-16-042313-427](https://airastana.com/Portals/2/About-Us/Corporate-Governance/Financial-Statements/2021/Financial%20Statement%202021/%D2%9A%D0%B0%D1%80%D0%B6%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%D1%82%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BA_2021%D0%B6.pdf?ver=2022-06-16-042313-427)
6. «Эйр Астана» АҚ-ның 2020 шоғырландырылған қаржылық есептілігі [https://airastana.com/Portals/2/About-Us/Corporate-Governance/Financial-Statements/Financial-Statements-KZ/AirAstana\\_2020\\_FS\\_KZT\\_KAZ%20final.pdf?ver=2021-05-04-095832-827](https://airastana.com/Portals/2/About-Us/Corporate-Governance/Financial-Statements/Financial-Statements-KZ/AirAstana_2020_FS_KZT_KAZ%20final.pdf?ver=2021-05-04-095832-827)
7. «Эйр Астана» АҚ-ның 2019 шоғырландырылған қаржылық есептілігі <https://airastana.com/Portals/2/About%20Us/Annual%20Reports/30.08.2020/FS%202019%20rus%20.pdf>

УДК 339.5

## РАЗВИТИЕ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ СТРАН ЕАЭС

*Муратова С.Б.,*

*Жумальдинов Е.*

Магистрант 1 курса ОП «Государственный аудит»

Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева,

г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: [sevaramuratova2001@gmail.com](mailto:sevaramuratova2001@gmail.com)

Научный руководитель-Сембиева Л.М., доктор э.н., профессор кафедры

«Государственный аудит» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

E-mail: [sembiyeva@mail.ru](mailto:sembiyeva@mail.ru)

*Аннотация. В данной статье рассматриваются возможности цифровых технологий для трансформации экономики в рамках функционирования ЕАЭС.*